

Солтүстік Американың жер бедері мен пайдалы қазбалары



Солтүстік Американың жер бедері мен пайдалы қазбалары

Жер қыртысының құрылысы



Ежелгі мұз басу




Жазық Шығыс



Таулы Батыс




Жер бедерінің өзгеруі



Пайдалы қазбалары



Жер бедерінің өзгеруі



Гоблиндер алаңы



Елена вулканы



Жамылғы мұз басу



**Сыртқы күш: үгілу, ежелгі
мұз басу әрекеті**

**Ішкі күш: жер сінкінісі,
вулкан атқылау**





Солтүстік Американың жер бедерінде жазықтар басым, таулар материктің 1/3 бөлігін алып жатыр.

Материктің жазық жерлері ежелгі Солтүстік Америка платформасында орналасқан. Платформаның солтүстік бөлігі жаппай мұз басудың нәтижесінде майысып, төмен түскен. Кейіннен мұхит деңгейі көтерілген кезде бұл бөлікте Канаданың Арктикалық архипелагы, Гудзон шығанагы мен бұғаздар жүйесі қалыптасты. Оңтүстікке қарай жер бедері аласарып, қалың шөгінді жыныстармен жабылған Орталық жазыққа, одан Миссисипи ойпаты мен Мексика шығанагының жағалау жазықтарына ұласады. Платформаның батыс бөлігінде Кордильераға қарай баспалдақ тәрізді біртіндеп биіктейді, кең алқапты Ұлы жазық алып жатыр.

Ірі қазанишұңқырларды алып жатқан мұздық-тектоникалық көлдер жүйесі бір-бірімен қысқа өзендер жүйесімен жалғасып жатыр. Орталық жазық түгелімен мұздықтар өңдеп, тасымалдаған жыныстар – монералармен жабылған. Миссисипи ойпатын өзен тасымалдап әкелген жыныстар жауып жатыр. Материк жағалауындағы жазықтар теңіздік шөгінділерден түзілген. Платформаның солтүстігі мен шығысында палеозойлық аласа және орташа биіктіктегі таулар орналасқан, оларға Канаданың Арктикалық архипелагының солтүстігі мен Гренландия аралының шығысындағы және Аппалач таулары жатады.

Материктің батыс бөлігін бойлай Жер шарындағы ұзын тау жүйесі болып есептелетін Кордильера тау жүйесі созылып жатыр. Кордильера испан тілінен аударғанда «тау жотасы, тау тізбегі» деген мағынаны білдіреді. Себебі Кордильера бір-бірімен жалғасқан тау жоталарының бірнеше қатар тізбектерінен тұрады. Мұндағы үшкір шыңдар тізбегінен тұратын тау жоталары сьерралар деп аталады. «Сьерра» испан тілінен аударғанда «ара» деген мағынаны білдіреді. Шындығында да Сьерра-Невада, Сьерра-Мадре жоталарындағы қатар тізіле орналасқан шыңдар ара тістеріне ұқсайды. Кейбір тау тізбектерінің аралығын өте көлемді, кең алқапты қамтитын көтеріңкі жазықтар мен үстірттер алып жатыр.

Ежелгі мұз басудың жер бедеріне әсері



Ежелгі мұз басу аймақтары

Жазық Шығыс



Ұлы жазық




Орталық жазық



Миссисипи ойпаты



Мексика маңы ойпаты



Кордильера – «тау жотасы, тау тізбегі»




Шығыс белдеуі



- Солтүстік мұхит жағалауынан басталады
- Шамамен 60° с.е Мексиканың ең солтүстік шекараларына дейінгі 3 мың км созылған бөлігі Сенгір таулар деп аталады

Батыс Кордильера



- Алеут жотасынан басталады
- Гранитті Мак-Кинли (6194 м) Алясканың ғана емес Солтүстік Американың да ең биік жері
- Канада жерінде Аляска жотасы биік Жағалық жотаға ұласады
- Жағалық жота Каскад тауларына ауысады
- Оңтүстікте Каскад таулары Сьерра-Невада тауының тізбектеріне ауысады. «Қарлы таулар»
- Мексика таулы қыратыны оңтүстігіндегі жанартаулар: *Орисаба (5700), Попокатепетль (5452 м), Колима (3846 м)*

Жағалық жоталар



- Тынық мұхит жағалауын бойлай созылып жатыр
- Әулия Илья тауы (5488 м)



Солтүстік Американың пайдалы қазбалары



- ▲ кобальтовых руд
- ◆ титановых руд
- ⊕ платины
- урановых руд
- + асбеста
- ┆ графита
- ⊗ полиметаллических руд
- ртутных руд
- золота
- фосфоритов
- ▲ серы
- калийных солей



Солтүстік жазықтарда:
темір, мыс, никель



Орталық, Ұлы жазық,
Миссисипи ойпатында: мұнай
мен газ, тас көмір



Аппалач пен оның тау
бөктерінде темір мен тас көмір



Кордильера тау жүйесінде:
мұнай мен газ, түсті металдар,
алтын мен уран

Солтүстік Америка пайдалы қазбаларға бай. Материктің солтүстігіндегі жазықтарда металдардың (темір, мыс, никель және т.б.) кен орындары кең таралған. Орталық жазық пен Ұлы жазықтың шөгінді жыныстарында және Миссисипи ойпатында мұнай мен газ, тас көмір көп. Кордильера тау жүйесінің қойнауы шөгінді жолмен қалыптасқан мұнай, газ, тас көмірмен қатар, магмалық жолмен түзілген түсті металдарға, алтын мен уранға бай болып келеді. ХІХ ғасырда Кордильера қойнауынан өзендер ағызып әкелген шөгінді жыныстардан алтынды шайып алу кең етек алды. Мол алтынға кенеліп, тезірек баюды ойлаған мыңдаған адамдар материктің батысына қарай ағылды. 1849 жылы алтын іздеушілердің осындай бір тобы аптап ыстық пен шөлге шыдамай қаза болған, жер кейіннен «Өлім аңғары» деген атқа ие болды. Тарихта бұл кезең «алтын дүрбелең» деп аталады.